Қаңылтыр табаға және торға арналған ұстағыш	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Тұтынушылық қаптама	1 дана

4 САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Электр құралының қауіпсіз және тұрақты жұмысына тек келесі шарттарды сақтау кезінде ғана кепіл беріледі:

4.1 Электр құралын осы нұсқаулықта көрсетілгендерден басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Электр құралымен жұмыс істеу, сақтау және күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.

4.2 Электр құралы өнеркәсіптік қолдануға арналмаған және тек тұрмыстық мақсаттар үшін ғана қолданыла алады.

4.3 Электр құралын, қуат беру баусымын немесе ашаны суға немесе кез келген сұйықтыққа батырмаңыз. Желіге қосылған және жұмыс істеп тұрған құралды дымқыл қолдармен ұстамаңыз. Құралды ванналардың, шұңғылшалардың немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстардың жанында қолданбаңыз.

4.4 Электр құралын ашық ауада, жылу көздерінің тікелей жанында немесе ылғалдылығы жоғары бөлмелерде қолданбаңыз.

4.5 Электр құралын егер жану немесе жарылыс қаупі болса, мәселен, тез тұтанушы сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.6 Электр құралын қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің 220-240 В ~ 50 Гц мәніне сәйкес келетіндіктеріне көз жеткізіп алу қажет.

4.7 Электр құралын электр желісінен ажыратудың алдында бағдарламаның өз жұмысын аяқтағанына көз жеткізіп алыңыз немесе оны «БАСТАУ-ДОҒАРУ» батырмасымен ажыратыңыз.

4.8 Электр құралын желіден ажырату кезінде баусымнан емес, ашадан ұстау керек.

4.9 Электр құралын егер ол қолданылмаса, әрдайым желіден ажыратып отыру керек.

4.10 Сонымен бірге электр құралын кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда, тазалаудың алдында және жұмыс аяқталғаннан кейін желіден ажыратып отыру керек. Жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз!

4.11 Балаларға егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балалардың электр құралына жанасуларына рұқсат бермеу керек.

4.12 Қуат беру баусымының және электр құралы корпусының бүтіндігін қадағалау қажет. Электр құралын бүлінулер болған кезде қолдануға тыйым салынады.

4.13 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифке сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.

4.14 Электр құралын тұрақсыз беттерге немесе электр құралдарына, мәселен, тоңазытқышқа немесе дастархан секілді материалдарға орналастырмаңыз.

4.15 Электр құралының айналасындағы еркін кеңістік әрбір бүйірлік жақтарынан, сонымен бірге ауаның еркін айналуы үшін үстінен кем дегенде 15 см құрауы керек. Желдеткіш саңылаулардың әрдайым таза болуларын қадағалаңыз. Олардың жанына қандай да болмасын заттарды орналастырмаңыз. Желдеткіш саңылауларды жинақталған шаңдардан мезгіл-мезгіл тазалап отырыңыз.

4.16 Электр құралының бетіне қандай да болмасын заттарды сақтамаңыз. Жұмыс істеп тұрған құралды бірдеңемен жабуға тыйым салынады.

4.17 Электр құралын қолдану кезінде тек жылуға төзімді ыдысты және металдан жасалған ыдыстарды ғана қолдануға рұқсат етіледі. Электр құралына бөгде заттарды, сонымен бірге пластиктен, жылуға төзімді емес шыныдан, қағаздан, ағаштан және басқа да тез тұтанатын және нәзік материалдардан жасалған ыдысты, сонымен қатар вакуумдық қаптамадағы өнімдерді орналастырмаңыз.

4.18 Электр құралына үлкен көлемдегі ыдысты, сонымен бірге өнімдердің үлкен үлестерін орналастырмаңыз. Өнімдердің және ыдыстың жоғарғы және бүйірлік қабырғаларға жанаспауларын қадағалаңыз, бұл өртке әкеліп соқтыруы мүмкін. Өнімдерді тұмпапештің қыздырғыш элементтерін тікелей қоймаңыз, ол үшін торды немесе қаңылтыр табаны қолданыңыз.

4.19 Электр құралының ішкі бөлігін әрдайым тазалықта ұстаңыз.

4.20 Электр құралының дайындалып жатқан немесе дайын өнімдермен орнын ауыстырмаңыз.

4.21 Жұмыс кезінде шағын пеш қатты қызуы мүмкін. Күйіп қалуларға жол бермеу үшін құралдың ыстық беттеріне жанаспаңыз. Қажет болған жағдайда тұтқыштар мен қолғаптарды қолданыңыз.

4.22 Тұмпапештің есікшесіндегі ыстық шыныға судың тиіп кетпеуін қадағалаңыз, себебі бұл жағдайда шыны шытынауы мүмкін. Құралдың есікшесін тек тұтқасынан ғана, біркелкі және соққыларсыз ашыңыз және жабыңыз. Электр пештің ашық тұрған есікшесіне ештеңе қоймаңыз.

4.23 Электр құралымен жиынтықта жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану электр құралының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.24 Бағдарламаның жұмысы кезінде электр құралының тұмпапешінде жану орын алған жағдайда, оны «БАСТАУ/ДОҒАРУ» батырмасын басумен сөндіріңіз, және оны электр желісінен ажыратыңыз.

4.25 Аталған үлгі +15-тен +30°C-қа дейінгі жұмыс температураларының ауқымындағы қоңыржай климат шарттарында және 65%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында жұмыс істеуге арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ешбір жағдайда электр құралын алкогольдік немесе есірткілік масаю жағдайында немесе ақиқатты объективтік қабылдауға кедергі жасайтын басқа да шарттарда қолданбау керек, және электр құралын осындай жағдайлардағы немесе мұндай шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық осы құралды пайдалану процесінде орын алуы мүмкін барлық ықтимал штаттық емес жағдайлардың барлығы қарастыра алмайды. Қолданушы электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтау керек!

5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



1 сур. Жалпы түрі

Электр құралының элементтері (1 және 2 сур.):



2 сур. Басқару панелі

- | | |
|--|---|
| 1. Тұмпапештің есікшесі | 20. «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы |
| 2. Басқару панелі | 21. «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы |
| 3. Сандық дисплей | 22. «МҰЗЫН ЕРІТУ» бағдарламасының индикаторы |
| 4. Корпус | 23. «ПІСІРУ» бағдарламасының индикаторы |
| 5. Есікшенің тұтқасы | 24. «БАЛЫҚ» бағдарламасының индикаторы |
| 6. Жоғарғы деңгей | 25. «ЕТ» бағдарламасының индикаторы |
| 7. Орта деңгей | 26. Жоғарғы қыздырғыш элементі жұмысының индикаторы |
| 8. Төменгі деңгей | 27. Төменгі қыздырғыш элементі жұмысының индикаторы |
| 9. Қуат беру баусымы | 28. «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» батырмасы |
| 10. Аяқшалар | 29. «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» батырмасы |
| 11. Қаңылтыр таба мен торға арналған ұстағыш | 30. Уақыт және температураны реттеуші батырмалар «+» және «-» |
| 12. Тор | 31. «ТАҢДАУ» батырмасы |
| 13. Қаңылтыр таба | 32. «КОНВЕКЦИЯЛАУ» батырмасы |
| 14. Кейінге қалдыру индикаторы | 33. «ТАЙМЕР» батырмасы |
| 15. Конвекциялау жұмысының индикаторы | 34. «БАСТАУ/ДОҒАРУ» батырмасы. |
| 16. Ішкі жарықтану шамы жұмысының индикаторы | |
| 17. Цельсия градустарында дайындау температурасы | |
| 18. Дайындау уақыты (сағат: минуттар) | |
| 19. «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы | |

Шағын пеш электрлі тұмпапешті білдіреді. Тұмпапештің оң жағында сегіз сенсорлық батырмалардан тұратын басқару блогы орналасқан: «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28), «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29), «ТАҢДАУ» (31), «КОНВЕКЦИЯЛАУ» (32), «ТАЙМЕР» (33), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34), уақыт және температураны реттеуші батырмалар «+» және «-» (30). Олардың үстінде қызу темпратурасын (17) көрсетуші сандық дисплей (3), дайындау аяқталғанға дейінгі уақыт (18), дайындауды кейінге қалдыру индикаторлары (14), конвекциялар (15), ішкі жарықтандыру шамдары (16), дайындау бағдарламалары (19-25), қыздырғыш элементтердің жұмысы (26, 27). Электр құралының бүйірлері және жоғарғы бөліктері бойынша ыстық ауаны шығаруға арналған көптеген желдеткіш саңылаулар бар. Төменде жақсы тұрақтылықпен қамтамасыз етуші 4 аяқша (10) орналасқан. Тұмпапештің ішінде төрт қыздырғыш элемент орналасқан, екеуі үстінде және екеуі астында, ал бүйірлері бойынша қаңылтыр табаны (13) немесе торды (12) орнатуға арналған үш бағыттаушы деңгейді көруге болады (төменгі (8), жоғарғы (7) және орта (6)). Тұмпапеш тұтқасы бар жылуға төзімді шынылы есікшемен (1) жабдықталған.

6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

- 6.1 Қаптаушы материалды (бар болған кезде) алып тастаңыз.
- 6.2 Жиынтықта жеткізілетін барлық керек-жарақтарды шығарыңыз, және ыдыс-аяқ жууға арналған құралды және жұмсақ матаны немесе ысқышты қолданумен оларды жуыңыз;

Ескерту

- 1 Пешті бірінші реет қолданудың алдында өндірістік шаңдарды және басқа да ластануларды кетіру үшін оны қыздыру ұсынылады. Тұмпапештің іші бос екендігіне (өнімдерге арналған ыдыстың, қаңылтыр табаның (13), тордың (12) немесе ұстағыштың (11) орнатылмағанына) көз жеткізіп алыңыз.
- 2 Тазалау үшін металл бұйымдарын және қажақты құралды қолданбаңыз, бұл жабынды бүлдіруі мүмкін;
- 6.3 Барлық керекжарақтарды құрғатып сүртіңіз;
- 6.4 Электр құралының ішкі және сыртқы беттерін құрғақ матамен әбден сүртіңіз;
- 6.5 Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымының ашасын (9) желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі. «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34), «ТАҢДАУ» (31), «ТАЙМЕР» (33) және «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары жанады;
- 6.6 «ТАҢДАУ» (31) батырмасын басумен «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасын орнатыңыз. Дисплей (3), «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасының индикаторы және «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ» (26) және «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» (27) қыздырғыш элементтерінің индикаторлары жанады. Дайындау уақыты жылтылдайтын болады. «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламасы үшін әдепкі қалпы бойынша уақыт 0:20 (сағат, минуттар) құрайды, әдепкі қалпы бойынша температура - 220°C.;
- 6.7 Бағдарламаның уақытын таңдаңыз. «-» (30) батырмасының көмегімен 0:10 уақытын таңдаңыз;
- 6.8 Қыздыру температурасын таңдаңыз. «+» (30) батырмасының көмегімен «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасын басыңыз және 230°C температурасын таңдаңыз;
- 6.9 «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз. Шағын пеш жұмыс істеуді бастайды және 10 минут өткеннен кейін жұмыстың аяқталуын дыбыстық сигналмен хабарлай отырып, сөндіріледі;
- 6.10 Құралды суытыңыз;
- 6.11 Электр құралының ішкі және сыртқы беттерін құрғақ матамен қайтадан құрғатып сүртіңіз;
- 6.12 Құрал қолдануға дайын.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шағын пешті бірінші рет іске қосу кезінде түтін шығуы және иіс пайда болуы мүмкін. Бұл қауіп төндірмейді және құралдың бұзылуының белгісі болып табылмайды. Іске қосудан бірнеше минут өткеннен кейін түтін мен иіс жоғалады.

7 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ

7.1 Басқару панелі

Шағын пештің басқару панелі (2) сегіз батырмалардан тұрады:

- **«ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ»** (28): бағдарламаларды таңдау үшін осы батырмаларды басыңыз «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «БАЛЫҚ» және «ЕТ».
- **УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА** (29):
 - Уақыт үшін – уақытты 1 мин. арттыру үшін «+» басыңыз, уақытты 1 мин. кеміту үшін «-» басыңыз. «+» ұстап тұру кезінде уақыт 1 мин. қадамымен 0:30 (сағат: минуттар) дейін, 5 мин. қадамымен 0:30-дан артатын болады, «-» ұстап тұру кезінде уақыт 1 мин. қадамымен 0:30-дан, 5 мин. қадамымен 0:30-ға дейін кемітілетін болады.
 - Температура үшін – температураны 10C-қа арттыру үшін «+» басыңыз, температураны 10C-қа кеміту үшін «-» басыңыз. «+» ұстап тұру кезінде температура 50C қадамымен артатын болады, «-» ұстап тұру кезінде температура 50C қадамымен кемітін болады,
- **«+» және «-»** (30): әдепкі қалпы бойынша бағдарламалардың уақыты мен температурасын өзгерту үшін, сонымен бірге кейінгі қалдыру уақытын орнату үшін қолданылады.

- «**ТАҢДАУ**» (31): «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» және «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламаларын таңдау үшін осы батырмаларды басыңыз.
- «**КОНВЕКЦИЯЛАУ**» (32): «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» және «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламаларын конвекциялау үшін осы батырмаларды басыңыз.
- «**ТАЙМЕР**» (33): аталған батырма кейінге қалдыру уақытын 0,01-ден (сағат: минуттар) 24.00-ге дейін қандай да болмасын бағдарламаны таңдауға дейін орнатуға арналған. Әдепкі қалпы бойынша дайындауды «КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ» 0:10 құрайды.
- «**БАСТАУ/ДОҒАРУ**» (34): аталған бағдарламаны бағдарламаның әрекеті басталғанша дейін немесе оны доғару үшін қолданыңыз.

7.2 Дайындау бағдарламалары

Сіздің қарауыңызда тағам дайындаудың түрлі тәсілдеріне арналған жеті бағдарлама бар. Дайындау бағдарламаларының толығырақ сипаттамасы 3 кестеде келтірілген.

3 кесте

Дайындау бағдарлама сының атауы	Уақытты таңдау ауқымы (сағат: минуттар)	Әдепкі қалпы бойынша уақыт (сағат: минуттар)	Температураны таңдау ауқымы	Әдепкі қалпы бойынша температура	Жоғарғы қыздыру	Төменгі қыздыру	Әдепкі қалпы бойынша конвекциялау
Жоғарғы қыздыру	0:01-2:00	0:45	80-200°C	180°C	бар	жоқ	сөндірулі
Төменгі қыздыру	0:01-2:00	1:00	80-200°C	160°C	жоқ	жоқ	сөндірулі
Қыздыру	0:01-2:00	0:20	80-230°C	220°C	бар	бар	сөндірулі
Мұзын еріту	0:01-10:00	0:40	25-80°C	30°C	жоқ	бар	іске қосұлы
Пісіру	0:01-2:00	0:20	140-170°C	160°C	бар	бар	іске қосұлы
Балық	0:01-2:00	0:25	160-190°C	180°C	бар	бар	іске қосұлы
Ет	0:01-2:00	1:00	180-230°C	200°C	бар	бар	іске қосұлы

7.3 «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «БАЛЫҚ» және «ЕТ» бағдарламаларын қолдану

- Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымының (9) ашасын желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, сандық дисплей (3) сөндірілетін болады, «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары жұмыс істейтін болады;

Ескерту – Егер батырмаларға бір минуттың ішінде баспаса, шағын пеш күту режиміне өтетін болады. Бұл жағдайда тек «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасының индикациясы ғана іске қосылатын болады.

- Оның тұтқасын (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) ашыңыз;
- Тұмпапештің деңгейлерінің біріне (6,7 немесе 8) торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) орнатыңыз. Егер Сіз торды (12) қолдансаңыз, қаңылтыр табаны (13) тордан (12) ағушы сұйықтықты жинауға үшін төменгі деңгейге (8) орнатыңыз;

Ескерту – Тұмпапешке торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) орналастыру немесе шығару үшін ұстағышты (11) және тұтқышты қолданыңыз.

- Өнімдерді торға (12) немесе қаңылтыр табаға (13) орналастырыңыз;
- Оның тұтқасынан (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) жабыңыз;
- «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмасын басумен «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «БАЛЫҚ және ЕТ» режимін таңдаңыз;

Ескерту - «МҰЗЫН ЕРІТУ», «ПІСІРУ», «БАЛЫҚ» және «ЕТ» бағдарламалары үшін әдепкі қалпы бойынша іске қосылған конвекцияны сөндіруге болмайды.

- Дисплейдегі (3) дайындау уақыты жылтылдайтын болады. Қалаулы дайындау уақытын «+» және «-» (30) батырмаларын басумен орнатыңыз немесе дайындау

уақытын әдепкі қалпы бойынша қалдырыңыз;

- «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасына басыңыз. Дайындау уақыты дисплейде (3) жылтылдайтын болады. Сіз қалаулы дайындау уақытын «+» және «-» (30) батырмаларын басумен орната немесе дайындау уақытын әдепкі қалпы бойынша қалдыра аласыз;
- Бағдарламаның жұмысын бастау үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз;

Ескерту

- 1 Бағдарламаның жұмысын оның аяқталуына дейін тоқтату үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басыңыз.
- 2 Іштей жарықтандыру шамдары бағдарлама жұмысының басталуынан 10 минуттан кейін сөнеді және бағдарлама жұмысының аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.
- 3 «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басқа барлық батырмалар бұғатталатын болады және дайындау уақыты аяқталғаннан немесе оның мәжбүрлі тоқтауынан кейін бұғаттан шығарылатын болады.
4. Сіз бағдарламаның жұмысы кезінде температураны, жұмыс уақытын және конвекциялауды теңшей аласыз. Аталған параметрлерді қайта теңшеу үшін бағдарламаны «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасының көмегімен сөндіру және қайта теңшеуді қайтадан орындау қажет;
- Дайындау уақыты аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі және бағдарлама сөнеді;

Ескерту - Егер батырмаларды бір минуттың ішінде баспаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда тек «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасының индикациясы ғана іске қосылатын болады.

- Қуат беру баусымының (9) ашасын желіден ажыратыңыз;
- Тұмпапештен дайындалған тағамды шығарыңыз.

7.4 «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» және «ҚЫЗДЫРУ» бағдарламаларын қолдану

- Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымының (9) ашасын желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, сандық дисплей сөндірілетін болады, тек «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары ғана жұмыс істейтін болады;

Ескерту – Егер батырмаларға бір минуттың ішінде баспаса, шағын пеш күту режиміне өтетін болады. Бұл жағдайда тек «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасының индикациясы ғана іске қосылатын болады.

- Оның тұтқасын (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) ашыңыз;
- Тұмпапештің деңгейлерінің біріне (6,7 немесе 8) торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) орнатыңыз. Егер Сіз торды (12) қолдансаңыз, қаңылтыр табаны (13) тордан (12) ағушы сұйықтықты жинауға үшін төменгі деңгейге (8) орнатыңыз;

Ескерту – Тұмпапешке торды (12) немесе қаңылтыр табаны (13) орналастыру немесе шығару үшін ұстағышты (11) және тұтқышты қолданыңыз.

- Өнімдерді торға (12) немесе қаңылтыр табаға (13) орналастырыңыз;
- Оның тұтқасынан (5) ұстаумен тұмпапештің есікшесін (1) жабыңыз; «ТАҢДАУ» (31) батырмасын басумен «ЖОҒАРҒЫ ҚЫЗДЫРУ», «ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ» және «ҚЫЗДЫРУ» режимін таңдаңыз; Дайындау уақыты дисплейде жылтылдайтын болады. Сіз қалаулы дайындау уақытын «+» және «-» (30) батырмаларын басумен орната аласыз немесе дайындау уақытын әдепкі қалпы бойынша қалдырыңыз;
- «УАҚЫТ/ТЕМПЕРАТУРА» (29) батырмасына басыңыз. Дайындау уақыты дисплейде жылтылдайтын болады. Сіз қалаулы дайындау уақытын «+» және «-» (30) батырмаларын басумен орната аласыз немесе дайындау уақытын әдепкі қалпы бойынша қалдырыңыз;
- Сіз сөндірілген әдепкі қалпы бойынша конвекцияны іске қоса аласыз. Ол үшін «КОНВЕКЦИЯЛАУ» (32) батырмасын басыңыз – дисплейде (3) конвекциялау индикаторы (15) жанады;
- Бағдарламаның жұмысын бастау үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасын басыңыз. Дисплей (3) дайындау уақытының аяқталуына дейінгі қалған уақытты және қызу температурасын көрсетеді. Таңдалған бағдарламалардың және қыздырғыш элементтің индикаторлары жанатын болады;

Ескерту

1. Бағдарламаның жұмысын оның аяқталуына дейін тоқтату үшін «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басыңыз.
 2. Іштей жарықтандыру шамдары бағдарлама жұмысының басталуынан 10 минуттан кейін сөнеді және бағдарлама жұмысының аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.
 3. «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) басқа барлық батырмалар бұғатталатын болады және дайындау уақыты аяқталғаннан немесе оның мәжбүрлі тоқтауынан кейін бұғаттан шығарылатын болады.
- Дайындау уақыты аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі және бағдарлама сөнеді;
- Ескерту** - Егер батырмаларды бір минуттың ішінде баспаса, шағын пеш күту режиміне өтеді. Бұл жағдайда тек «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасының индикациясы ғана іске қосылатын болады.
- Қуат беру баусымының (9) ашасын желіден ажыратыңыз;
 - Тұмпапештен дайындалған тағамды шығарыңыз.

7.5 Дайындауды кейінге қалдыру.

Ескерту – Аталған атқарым егер Сіз тағам белгілі бір уақытта дайын болғаны қалайтын болсаңыз қолданылады. Әрекеттер тәртібі дайындауды кейінге қалдыру бағдарламаны және басқа да көрсеткіштерді таңдауға дейін орнатылуы керектігінен ескермегенде, Сіздің орнатқыңыз келетін бағдарламаға байланысты қайталанатын болады.

- Құралды тегіс, құрғақ және орнықты бетке орнатыңыз және қуат беру баусымының (9) ашасын желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, сандық дисплей сөндірілетін болады, тек «ТАЙМЕР» (33), «ТАҢДАУ» (31), «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) және «ИНТЕЛЛЕКТІЛІ ДАЙЫНДАУ» (28) батырмаларының индикациялары ғана жұмыс істейтін болады
- «ТАЙМЕР» (33) батырмасын басыңыз. Дисплейде әдепкі қалпы бойынша дайындауды кейінге қалдыру 0:10 (сағат: минуттар) және дайындауды кейінге қалдыру индикаторы (14) пайда болады;
- Қалаулы дайындау уақытын «+» және «-» (30) батырмаларының көмегімен орнатыңыз;
- Қажетті дайындау бағдарламасын және басқа да параметрлерді (7.3, 7.4 т. қар.) таңдаңыз;
- «БАСТАУ/ДОҒАРУ» (34) батырмасына басыңыз. Дисплей (3) дайындауды кейінге қалдыру уақытының аяқталуына дейінгі қалған уақытты көрсетеді.

Ескерту - Іштей жарықтандыру шамдары дайындауды кейінге қалдыру әрекетінің басталуынан 10 минуттан кейін сөнеді және дайындауды кейінге қалдыру әрекетінің аяқталуына 10 минут қалғанда іске қосылады.

8.1 Тазалау және күтім жасау

- Тазалаудың алдында электр құралын желіден ажыратыңыз және оны толықтай суытыңыз;
- Электр құралының корпусын дымқыл матамен сүртіңіз және құрғатып сүртіңіз;
- Ішкі қабырғаларды және тұмпапештің есікшесін (1) дымқыл сорғышпен немесе матамен сүртіңіз, сосын құрғатып сүртіңіз;

Ескерту – Ішкі қабырғалар мен тұмпапештің есікшесінің (1) күшті ластанған жағдайында жуғыш құралдың аздаған мөлшерін қолданыңыз, содан кейін оны ластанулармен бірге дымқыл матаның немесе ысқыштың көмегімен әбден кетіріңіз және құрғатып сүртіңіз;

- Керек-жарақтарды (ұстағыш (11), қаңылтыр таба (13) және торды (12)) ыстық суда жуғыш құралды қолданумен жуыңыз. Керек-жарақтар ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға жарамды;

Ескерту – Электр құралын тазалау үшін электр құралының жабынын және керек-жарақтарын бүлдіруі мүмкін қажақты құралды, металл шөткелерді және басқа да заттарды қолданбаңыз.

8.2 Сақтау

Қолдану алдында құралдың барлық бөліктерін тазалаңыз және толықтай кептіріңіз. Құралды құрғақ салқын, балалар мен жануарларға қолжетімді емес орында, +10-нан +30 °C-қа дейінгі температурада және 65%-дан аспайтын ауаның салыстырма-

лы ылғалдылығында сақтау ұсынылады. Егер құралды тасымалдау қажет болса, одан барлық керек-жарақтарды шығарыңыз және бүлінулерді болдырмау үшін жеке қаптаңыз.

8.3 Ұсыныстар

- Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну үзілді-кесілді ұсынылады. Бүлінулерге жол бермеу үшін құралды тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдаңыз. Тасымалданудан немесе төмендетілген температурада сақтаудан кейін электр құралын бөлме температурасында кем дегенде екі сағаттай ұстау қажет.

9 КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Құралдарды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға түзелмейтін зиян келтіреді. Ақаулы құралдарды, сонымен бірге қуат берудің пайдаланылған элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған құралдарды кәдеге жарату бекетіне жүгініңіз. Тұрмыстық құралдармен пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеу үшін қабылдау бекеттерінің мекен-жайларын Сіз өз қалаңыздың муниципалдық қызметтерінен ала аласыз.

10 КЕПІЛДІК ШАРТТАР

Сіздің назарыңызды кепілдік мерзімнің ішінде келісідей шарттардың сақталуы кезінде электр құралының тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатындығына аударамыз:

Кепілдік міндеттемелер сатып алынған күні, сериялық нөмірі, сауда ұйымының мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілген кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде ғана жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған жағдайда біз Сіздің аталған ұйымның сапасы бойынша шағымыңызды қабылдамауға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын Сізден пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуға ғана арналғандығына аударамыз. Кепілдік шарттар иегердің үйінде кезеңдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды. Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы аталған кепілдік шарттардың құқықтың негіздемесі болып табылады, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Федералды заңының соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.

Бұйымға кепілдік пайдалану мерзімі 12 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшектік желі арқылы сатылғаннан күнінен бастап есептеледі.

Біздің кепілдік міндеттемелер тек кепілдік мерзімнің ішінде анықталған ақаулықтарға және дайындаушы-кәсіпорынның кінәсі бойынша жол берілген өндірістік, технологиялық және құрылымдық ақауларға ғана таралады.

Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:

- 1) Бұйымда келесідей жағдайлардың нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға:
 - қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;
 - сыртқы және кез келген басқа да әсерлер арқылы шақырылған механикалық бүлінулер;
 - бұйымды тағайындалу бойынша қолданбау;
 - жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желілері параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмауы секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;
 - өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдары мен қосалқы бөлшектерді қолдану.
 - 2) Уәкілетті емес тұлға арқылы ашылған, жөнделген немесе түрлендірілген бұйымға.
 - 3) Желілік кабельдің үзілуі мен тілінуі, сызаттар, корпусының күшті ескіруі және т.б. секілді бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға;
 - 4) Бұйымның қызып кетуінің нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға.
 - 5) Электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтарға.
 - 6) аксессуарлар, жеткізілетін жиынтықта электроприбором.
 - 7) Бұйымдар мен шығын материалдардың (сүзгілер, ләмпішкелер, күйікке қарсы жабындар, тығыздағыштар және т.б.) табиғи тозуына.
- Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның пластмассалық бөліктері мен тораптарының деформациялануы немесе балқуы;
 - сымдарды оқшаулағыштардың қарауы немесе күйі.
- Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі.
- Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе www.galaxy-tecs.ru сайтынан білуге болады. Сіздің назарыңызды кепілдік мерзімінің бұйымды жөндеу мерзіміне автоматты түрде ұзартылатындығына аудартамыз.

Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.

Дайындаушы-компания сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мұқтаждықтары аясында пайдалану кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерін сақтау бұйымның қызметтік мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілген мерзімнен айтарлықтай асып кетуі мүмкін екендігіне аудартады.

Дайындаушы-компания өзіне тауардың сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтығына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

Импорттаушы: «Союз» ЖШҚ

Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14

Дайындаушы: Кингда Импорт энд Экспорт Трейдинг Лимитид оф Чжуншань

Мекен-жай: Рум 202, № 23, Наньянь роуд, Шики, Чжуншань, Гуандун, Қытай
ҚХР жасалған

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.